

«Жас инноватор» ғылыми зерттеу жұмыстары мен жобалардың сырттай республикалық байқауын өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдары, колледж педагогтері, сондай-ақ білім алушылары арасында Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі күніне арналған «Жас инноватор» ғылыми-зерттеу жұмыстары мен жобаларының байқауын (бұдан әрі - Байқау) өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Байқау мақсаты: дарынды балалар мен жастарды анықтау және қолдау, олардың шығармашылық қабілеттерін ашуы үшін жағдайлар жасау; ғылыми-зерттеу қызметін дамыту.

3. Міндеттері:

- білім беру ұйымдарының оқушыларында ғылыми-техникалық және ғылыми-зерттеу аясындағы жұмыстарға қызығушылығын арттыру;

- жастардың ғылыми-техникалық зерттеулері мен жасалымдарының бәсекелігін арттыру;

- жастардың жобалық, зерттеу, құрастыру және өнертапқыштық қызметіндегі үлесін арттыру;

- оқушыларда патриоттық сезімін, мемлекеттік жетістіктерін ғылыми-техникалық шығармашылығы облысы арқылы арттыру;

- ғылыми-техникалық шығармашылық облысындағы жетістіктер, болашақ мүмкіндіктерін насихаттау.

4. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

5. Байқауды ұйымдастырушылар жюри және ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

6. Байқау **2015 жылғы 10 тамыз – 10 желтоқсан** аралығында балаларға арналған **www.ziyatker.org** ғылыми-танымдық сайтта сырттай өткізіледі.

7. Байқау жұмыстары ережеге сәйкес 2015 жылғы **7 желтоқсанға** дейін **konkurs.tehn@bk.ru** электрондық поштаға қабылданады.

Анықтама телефондары: +7 (7172) 24-93-05, («ІТ ғаламшар» байқауы).

8. 2015 жылғы **7 желтоқсаннан** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

9. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастырушылар жауапты емес. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында, ғаламтор баспаларында жариялауға құқылы.

10. Байқауға қатысу үшін педагогтер - 3000 (үш мың) тенге, оқушылар – 1000 (бір мың) тенге төлемақы төлейді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Астана қаласы, БанкЦентрКредит АҚ,

ИИК KZ918560000005068448

БИК КСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

КНП: 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Төлемақы мақсаты: «Жас инноватор» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) аты мен фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатының (түбіртек немесе төлем тапсырмасы) көшірмесін сканерден өткізіп, байқау жамысымен бірге **konkurs.tehn@bk.ru** электрондық пошта арқылы жіберу қажет.

11. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздар тізімі 2015 жылы **10 желтоқсанда** www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар

12. Байқауға қатысатын жұмыстар Байқау тақырыбына, мақсатына және міндеттеріне сай боуы тиіс.

13. Байқауға 8 - 18 жас аралығындағы жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдарының және колледждердің педагогтері, сондай-ақ оқушылары қатыса алады:

кіші жастағы санат: 8-10 жас;

орта жастағы санат: 11-14 жас;

жоғары жастағы санат: 15-18 жас;

педагогтер.

14. Жұмысқа жеке жүргізілген ғылыми зерттеулер, эксперименттер, модельдер, макеттер, компьютерлік бағдарламалар және т.б. түрде жасалған жұмыстар қабылданады, әр жұмыста ақпараттық және түсініктеме материалдар, алынған нәтижелер көрсетілуі тиіс.

Жұмыстарға міндетті түрде қысқаша аннотация (өзектілігі, алға қойылған мәселе, шешу жолдары, алынған нәтижелері, т.б.) берілуі тиіс.

Қатысушылар байқау жұмыстарының архивін электронды поштаға жіберуде төлемақы жүргізілгені туралы құжаттың сканерден өткізілген көшірмесін, сонымен қатар хатта келесі мәліметтер көрсетілуі тиіс:

- 1) байқау қатысушысының толық аты-жөні, жасы (туған күні), телефон нөмері, электронды поштасы; облыс, қала, ауыл.
- 2) мекеме аты, поштасы, адресі.
- 3) жетекшісінің аты-жөні, телефон нөмері, электрондық поштасы.
- 4) байқау жұмысының атауы.

5) байқау номинациясын атауы.

6) өтініш берілген күні.

15. Байқау келесі номинациялар бойынша жүргізіледі.

1. «Үздік техникалық шығармашылық жобасы» номинациясы.

Байқауға келесі облыстар бойынша жасалған модельдер, макеттер, оқу құралдарының электронды нұсқасы қабылданады:

- модельдеу (авиа, мото, судо, ракета модельдеу, робототехника, радио байланыс, радиоспорт, бастапқы техникалық модельдеу, техникалық инсталляция және с.с.);

- құрастыру;

- өнертапқыштық;

- бағдарламалау;

- дизайн;

- ғылыми эксперименттерді көрсету.

2. «Үздік ғылыми-зерттеу жұмысы» номинациясы.

Өзінің сипаттамалары мен қасиеттері жағынан өзгеше жаңа объектілер мен құбылыстар түрде жеке құрастырылған жобалар ұсынылады. Келесі облыстарда орындалған жоабалар мен зерттеу жұмыстары бағаланады:

- ақпараттық технологиялар (математика, физика, химия, ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер; микроэлектроника; наноэлектроника; опто – және акустоэлектроника, криоэлектроника);

- өндіріс технологиялары (металлургия, тау-кен жұмысы, освоение тау-кен и техногенді өнімі; құрылыс, архитектура, өндіріс дизайны; робототехникалық жүйелер, микромашиналар; машина жасау и аспап жасау; лазер технологиялары);

- жаңа материалдар және химиялық өнімдер (нанотехнологиялар және наноматериалдар, оның ішінде жартылай өткізгіш электроника материалдары; композиттер мен полимерлер; аса қатты металлдар; мембраналар мен катализаторлар);

- транспорт: авиациялық, ғарыштық, әуеғарыштық техника; жердегі көлік (автокөліктік, темір жолдық және т.б.), су көлігі және кеме құрылысы, отынның балама түрлері және т.б.;

- энергетика және балама энергетика (жылу энергетикасы мен электр энергетикасы; ядролық энергетика және жылыту физикасы; балама және көміртектік емес энергетика; энергияны үнемдеу технологиясы; отын өндіру және жасап шығару; қалдықтарды пайдалану және радиобелсенді қалдықтарды көму);

- экология және тиімді табиғат пайдалану (химиялық және биотехнология, заманауи химиялық технологиялар; қоршаған ортаны техногендік әсерден сауықтыру және мониторинг; табиғат пен суды пайдалану; тұрмыстық қоқыстарды қайта өңдеу, климаттық, экожүйелік, тау-кен және ресурстық өзгеістерді болжау технологиясы; табиғатты сарқылмас пайданану технологиясы; техногенды әісерден қоршаған ортаны қалпына келтіру технологиясы және т.б.);

- қоғамдық және әлеуметтік-гуманитарлық (әлеуметтану, педагогика,

психология; экономика, менеджмент, маркетинг; статистика, бухгалтер; тарих, саясаттану, мәдениеттану; құқықтану).

Зерттеу жұмысының құырлығы (кіші жастағы санатқа жеңіл түрін қолдану рұқсат):

- *мазмұны*, келесі бөлімдерді қамтиды;

- *кіріспе*, шешілетін мәселені құру, жұмыс мақсаты және міндеттері көрсетіліп, оның өзектілігін негіздеу; әдебиет көздеріне қысқаша тоқталып кету; зерттеу жұмыстары жүргізілген орын мен уақытын көрсету; зерттеу өңірінің сипатын атау;

- *зерттеу әдістері* (жинақтау әдістерін, материалдың бастапқы және статистикалық өңделуін сипаттау);

- *зерттеу нәтижелері* және оны талдау. Қажеттілік жағдайында кестелер, сұлбалар және т.с.с. қолдау қажет;

- *түйін* (міндеттерде қойылған сұрақтарға қысқаша жауаптар);

- *қорытынды*, зерттеу нәтижесінен туындаған практикалық ұсыныстар және жұмыстың келешегі көрсетіледі;

- *қолданылған ақпарат көздері*, библиографиялық тізімді құру талаптарына сай жазылуы тиіс. Жұмыс мәтінінде әдебиеттерге және ақпарат көздеріне сілтемелер көрсетілуі керек;

- қатысушылар туралы ақпарат (сертификаттар, протоколдарды дұрыс рәсімдеу мақсатында алынады).

Үлкен көлемдегі алынған деректер мен сандық көрсеткіштер, сонымен қатар суреттер, диаграммалар, сұлбалар, карталар, фотосуреттер және т.б. жұмыстың соңғы беттеріне қосымша ретінде енгізіле алады, ал жұмыс мәтінінде қосымшаларға сілтемелер көрсетілуі тиіс.

Байқауға көрсетілген номинациялардан тыс жұмыстар ұсынылса, ұйымдастырушы комитетпен қосымша номинациялар құрылуы мүмкін.

16. Жұмысқа қойылатын критерийлер:

- жаңалығы мен түпнұсқалығы;
- мазмұны мен өзектілігі;
- таңдалған тақырыбының зерттелу тереңдігі;
- жобаны орындауда автордың дербестігі;
- ғылыми баяндалуы, түсініктілігі;
- техникалық шешімдердің функционалдылығы;
- көркемдігі;
- коммерциялық өтімділігі;
- техникалық қолданылуы.

Интернет желісінен алынған және авторлық емес материалдарды қолдануға тыйым салынады.

4. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

17. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

18. Әрбір номинацияда жас санаттары бойынша жеңімпаздар анықталады. Байқауда жүлделі орындарға ие болған жеңімпаздар Бас жүлде, I, II, III дәрежелердегі дипломдармен және олардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары **www.ziyatker.org** сайтына орналастырылады.

Ең үздік жұмыстар Республикалық ғылыми-танымдық «Темірқазық» электронды журнал беттерінде немесе **www.ziyatker.org** сайтындағы «Эврика» өнертапқыштар клубының блогында жарияланады.